



Автор: Кадырова Эльмира Абдикамаловна

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 9-сынып

Бөлім: Адам жанының құпиясы

Тақырып: І.Жансүгіров «Құлагер» поэмасының көркемдік ерекшелігі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	9.2.2.1-автор бейнесінің идеялық стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау; 9.3.1.1-шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстыру
Сабақтың мақсаты:	Барлық :шығарманың мазмұнын біледі, кейіпкерлерін біледі. Көпшілігі: автор бейнесінің идеялық стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасайды; Кейбірі: шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырады
Тілдік мақсаттар:	
Күтілетін нәтиже:	Жатқа білу
Бағалау критерийлері:	Автор бейнесінің идеялық стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасайды; Шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырады
Құндылықтарды дарыту:	Жатқа білу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	презентация
Пәнаралық байланыс:	қазақ тілі
Бастапқы білім:	І.Жансүгіровтің шығармасымен танысамыз. Шығарма желісі бойынша топтық жұмыстар жүргізу. Оқушылар үш топқа бөлінеді. Топтық жұмыс жеке бағаланады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	І.Жансүгіровтің шығармасымен танысамыз. Шығарма желісі бойынша топтық жұмыстар жүргізу. Оқушылар үш топқа бөлінеді. Топтық жұмыс жеке бағаланады.	
Сабақтың ортасы	Оқушыларға сұрақтар қойып, жауап алу. Буын, бунақ, ұйқасқа талдау (дәптермен жұмыс) (20 мин) І - топ .. Менің атым сұрасаң Ақан серің а Ғазірет Ғали дүлдүлі тұлпар керім, а Дүниеде оған жетер ат бар ма еді, б Өлді ғой мен қайтейін, Құлагерім... а 4 тармақты, 3 бунақты, 11 буынды қара өлең ұйқасы. Өлеңге талдау жұмыстарын жүргізу. Әсірелеу: «Көмбе қайда?» -десеңіз, Көзді салып көрсеңіз: Өркеш-өркеш көрінген, Орғылап су төгілген, Балдырғаны білектей, Балаусасы жібектей Қайталау: Кей-кейде жауын болып, жылап ақты, Кей-кейде дауыл болып, соқты қатты, Кей-кейде күңіреніп, көлдей толқып. Кей-кейде қу ағаштай құлап жатты. Дамыту (градация) Күйіндей домбыраның құлдырласын, Суындай Алатаудың сылдырласын Сөздердің асыл, көркем тасын қала, Ұйқысы өлеңімнің сыңғырласын. Ассонанс: Адуын алып көк бөрі Арыста талай бәйге алып, Айқасты талай көп көрді Айқайда талай түсе қап. Асқынғанды бөктерді Теңеу: Көк орман, көркем тоғай маужыраған, Сұлудың көзіндей көп жаудыраған Малта тас, маржан, ақық, меруерт тас, Төгіліп көл жиекке саудыраған. 5. «Құлагер» өлеңіне сатылай кешенді түрде өлең құрылысына талдау. ...Құлагер, шешең-сұңқар, әкең-тұлпар, Соғып ең дөненің сегіз арқар. Сен өлсең орның басар көк бесті бар, Болады құдай қосса, о да тұлпар...	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	«Құлагерім,пай пай!» деген тақырыпта шығармашылық жұмыс жазып келу. І.Жансүгіров туралы ғалымдардың пікірлерін,зерттеу еңбектерін тауып,шағын шолу хабарламасын дайындау. «Ойлан-жұптас-талқыла» әдісі	
Рефлексия	«ББҮ» кестесімен жұмыс Білемін Білгім келеді Үйрендім	